

"Қызылорда қаласында салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қарашадағы №14652 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 1 шілдедегі № 15661 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 7559 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда қаласында салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қарашадағы № 14652 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6996 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкісінде 2019 жылғы 3 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімдігі

Н. Налибаев